

Documents in English	Құжат қазақ тілінде
<p align="center"><b>PUBLIC SOCIETY «PROFESSIONAL SOCIETY OF INDEPENDENT EXPERTS OF THE SUBSURFACE RESOURCES» (PONEN)</b></p>	<p align="center"><b>«ТӘУЕЛСІЗ САРАПШЫЛАР ЖЕР ҚОЙНАУЫН КӘСІБИ БІРЛЕСТІГІ» (ПОНЭН) ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ</b></p>
<p align="center"><b>CODE of ETHICS</b></p>	<p align="center"><b>ӘДЕП КОДЕКСІ</b></p>
<p>Professional Association of Independent Experts in Subsoil Use of the Republic of Kazakhstan (hereinafter referred as PONEN) membership comprises of professional members in grade Fellow and Member and other members in grade of Associate Member and Student Member.</p>	<p>«Қазақстан Республикасының тәуелсіз сарапшылар жер қойнауын кәсіби бірлестігі» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – ПОНЭН) мүшелік Толық мүше, Мүше санаттарындағы кәсіптік мүшелер мен Қауымдастырылған мүше және Оқушы мүше санаттарына ие басқа да мүшелерді қамтиды.</p>
<p>The PONEN seeks to be recognized within Kazakhstan and internationally and is the premier organization in Kazakhstan representing a range of qualified geoscientists and engineers and other professionally qualified individuals involved in the full range of activities associated with the minerals sector.</p>	<p>ПОНЭН Қазақстан мен әлемде танымал болуға ұмтылады және Қазақстанда жер туралы ғылым саласындағы білікті мамандар мен тау-кен өндіру саласына байланысты жұмыстардың толық спектрін орындауға қатысатын инженерлер мен басқа да кәсіптік білікті тұлғалардың қатарын білдіретін басты ұйым болып табылады.</p>
<p>The Code of Ethics establishes the moral and ethical values, principles, norms and rules of ethical and professional conduct to be observed by a professional member of PONEN.</p>	<p>Осы Әдеп Кодексі ПОНЭН-нің кәсіптік мүшесі сақтауға міндетті моральдық-әдептік құндылықтарды, имандылық және кәсіптік мінез-құлық қағидаттарын, нормалары мен қағидаларын белгілейді.</p>
<p>The PONEN expects and promotes the highest professional and ethical standards of its members, having regard to the well-being of the community, the natural environment and the reputation of the national and international minerals industry.</p>	<p>ПОНЭН жұртшылықтың саламаттылығына, қоршаған орта мен ұлттық және халықаралық тау-кен өндіру саласының беделіне қатысы бар ең жоғары кәсіптік және әдептік стандарттарды өз мүшелерінен күтеді және осы стандарттарды ілгері жылжытады.</p>
<p>This Code of Ethics represents the core values of the PONEN and has been endorsed by all Members. Members, on admission and on annual renewal of their membership, commit to the principles set out in the Code of Ethics.</p>	<p>Осы Әдеп Кодексі ПОНЭН-нің негіз құраушы құндылықтарын білдіреді және оны барлық мүшелер мақұлдады. Мүшелікке қабылдау және оны жыл сайын ұзарту кезінде мүшелер өзіне Әдеп Кодексінде жазылған қағидаттарды сақтау жөнінде міндеттемелер қабылдайды.</p>
<p>A breach of this Code of Ethics reported to the PONEN, shall be treated as provided for in a manner that conforms to principles of equity, independence, reasonableness and fairness. The internal regulation permits the PONEN to investigate breaches of the Code of Ethics and to take disciplinary action which may range</p>	<p>Осы Әдеп Кодексін бұзуды, ол туралы ПОНЭН-ға хабарланатын болады, теңдік, тәуелсіздік, негізділік және адалдық қағидаттарына сәйкес келетіндей түрде қарастыру қажет. Ішкі нормативтік актілер ПОНЭН-нің Әдеп Кодексін бұзушылықтарды тергеп-тексеруіне және тәртіптік шаралар қолдануына рұқсат етеді, ол:</p>

<p>from: warning, a requirement for peer review of the member's work for a specified time, suspension of membership for a specified time, or permanent termination of membership.</p>	<p>ескертуді, мүше жұмысына жасалатын сараптаманы әріптестердің белгіленген уақыт кезеңі ішінде орындауын талап етуді, белгіленген уақыт кезеңі ішінде мүшелікті тоқтата тұруды немесе мүшеліктен түпкілікті түрде айыруды қамтиды.</p>
<p>The purpose of the Code of Ethics is to commit members to uphold and enhance both their personal integrity and the integrity of the profession, and to ensure the highest standing of the PONEN and of its members in the community is sustained.</p>	<p>Әдеп Кодексінің мақсаты мүшелердің өз тұлғалық тұтастығын да, кәсіптің тұтастығын да қолдау және жақсарту жөнінде міндеттеме қабылдауынан және ПОНЭН мен оның мүшелерінің қоғамдастықтағы ең жоғары жағдайын қамтамасыз етуден тұрады.</p>
<p style="text-align: center;"><b>CODE OF ETHICS</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>ӘДЕП КОДЕКСІ</b></p>
<p>1. The safety, health and welfare of the community shall be the prime responsibility of members of the PONEN in the conduct of their professional activities.</p> <p>2. Members of the PONEN shall deal with clients, colleagues and the community in a manner that upholds the principles of anti-discrimination, and of equity.</p> <p>3. Members of the PONEN shall, on all occasions, act in a manner which upholds and enhances the honor, integrity, honesty and dignity of the profession.</p> <p>4. Members of the PONEN shall perform work only in their areas of competence.</p> <p>5. Members of the PONEN shall build their professional reputation on merit and performance, and shall not compete unfairly.</p> <p>6. Members of the PONEN shall at all times apply their professional skill and knowledge in the interests of their employer or client, except that members shall under no circumstances compromise their professional and ethical standards.</p> <p>7. All statements made by a member of the PONEN in a professional capacity shall be made objectively, truthfully and free of any influence which may compromise their professional judgment, and shall only be made within the member's area of professional competence.</p> <p>8. PONEN members shall be clearly satisfied</p>	<p>1. Қоғамның қауіпсіздігі, денсаулығы мен әлауқаты ПОНЭН мүшелерінің өз кәсіптік қызметін орындаған кездегі негізгі жауапкершілігі болуға тиіс.</p> <p>2. ПОНЭН мүшелері клиенттермен, әріптестермен және жұртшылықпен теңдік, әділеттілік және кемсітпеушілікке қарсы күрес қағидаттары сақталатындай түрде өзара іс-қимыл жасасуға тиіс.</p> <p>3. ПОНЭН мүшелері әрдайым кәсіптің арнамысы, тұтастығы, адалдығы мен қадір-қасиеті сақталатындай және жақсартылатындай түрде әрекет жасауға тиіс.</p> <p>4. ПОНЭН мүшелері тек қана өз білім саласының жұмыстарын орындауға тиіс.</p> <p>5. ПОНЭН мүшелері өз кәсіптік беделін өздерінің сіңірген еңбегі мен қасиеттеріне негіздеп құруға тиіс және олар теріс жолмен бәсекелеспеуге тиіс.</p> <p>6. ПОНЭН мүшелері өз кәсіптік дағдылары мен машықтарын әрдайым өз жұмыс берушісінің немесе клиенттің мүддесінде пайдалануға тиіс, бұл ретте мүшелер ешбір жағдайда да өз кәсіптік және әдептік нормаларына кір келтірмеуге тиіс.</p> <p>7. ПОНЭН мүшесі кәсіптік міндеттерін орындаған кезде жасаған барлық мәлімдемелер объективті, шынайы және олардың кәсіптік пайымдарына кір келтіре алатын қандай да бір ықпалдан тәуелсіз болуға тиіс және олар мүшенің кәсіптік құзыреті саласында ғана жасалуға тиіс.</p> <p>8. ПОНЭН мүшелері өз жұмысын өздеріне</p>

<p>in their own minds that they could face their peers and demonstrate competence in the commodity, type of deposit and situation under consideration.</p> <p>9. Members of the PONEN shall continue their professional development throughout their careers and shall actively assist and encourage those under their direction to also advance their knowledge and experience.</p> <p>10. Members of the PONEN shall comply with all laws and government regulations including the minerals sector and shall keep up to date with relevant laws in jurisdictions in which they conduct business from time to time.</p> <p>11. Members of the PONEN shall comply with KAZRC and other CRIRSCO reporting standards.</p>	<p>мәртебесі жөнінен тең әріптестерімен талқылай алуға қабілетті екендігіне абсолютті түрде сенімді болуға және оларға өзінің тиісті минералдық шикізат түрлері, кен орындарының типтері және қарастырылатын жағдайлар бойынша құзыретті екендігін танытуға тиісті.</p> <p>9. ПОНЭН мүшелері өзінің бүкіл мансап жолы бойында өзінің кәсіптік тұрғыдан жетілуін жалғастыруға тиіс және өз қарамағындағы жұмыскерлерге белсене көмектесуге және оларды көтермелеуге, сондай-ақ өз білімі мен тәжірибесін жетілдіруге тиіс.</p> <p>10. ПОНЭН мүшелері тау-кен өндіру саласына қатыстысын қоса алғанда, барлық заңдар мен үкімет қаулыларын сақтауға тиіс және өздері өз қызметін жүзеге асыратын юрисдикциялардағы тиісті заңдардан хабардар болуға тиіс.</p> <p>11. ПОНЭН мүшелері KAZRC кодексін және CRIRSCO есептілігінің басқа да стандарттарын сақтауға тиіс.</p>
<p align="center"><b>GENERAL GUIDANCE FOR MEMBERS</b></p>	<p align="center"><b>МҮШЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАЛПЫ БАСШЫЛЫҚ</b></p>
<p>The Code of Ethics is set out in broad terms in order to accommodate the many complex ethical situations that may arise in the day-to-day work of members of the PONEN. The notes set out below are intended to guide members in making their own ethical decisions, with a view to upholding their social and professional standards, and the reputation and integrity of the PONEN.</p> <p>If a member has doubts concerning an ethical issue that has arisen in the course of their work, they are encouraged to contact the PONEN. All communications will be treated with the strictest confidentiality.</p>	<p>Әдеп кодексі ПОНЭН мүшелерінің күнделікті жұмысында туындауы мүмкін көптеген күрделі әдептік жағдайларды реттеуге арналған жалпы терминдермен жазылған. Төменде келтірілген ескертпелердің мақсаты мүшелер өз әлеуметтік және кәсіптік стандарттарын және ПОНЭН-нің беделі мен сенімділігін сақтап тұру мақсатында өздерінің әдептік шешімдерін қабылдау кезінде оларды басшылыққа алуынан тұрады.</p> <p>Егер мүшеде өз жұмысын орындау барысында туындаған, әдеп мәселесіне қатысты күдік болса, оның ПОНЭН-ге өтініш жасауы ұсынылады. Барлық хат-хабар жазысу аса құпия түрде болады.</p>
<p align="center"><b>INTERACTION WITH THE COMMUNITY</b></p>	<p align="center"><b>ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ</b></p>
<p>Members of the PONEN performing professional tasks are frequently in contact with the community. The term “community” should be understood in its broadest sense, describing all groups in society.</p> <p>Members of the PONEN shall ensure that they in no way compromise the safety, welfare, or health of the community and shall always work</p>	<p>Кәсіптік тапсырмаларды орындайтын ПОНЭН мүшелері жұртшылықпен жиі өзара қарым-қатынас жасасады. «Жұртшылық» терминін оның қоғамдағы барлық топтарды сипаттайтын ең кең мағынасында түсіну қажет.</p> <p>ПОНЭН мүшелері жұртшылықтың қауіпсіздігіне, әл-ауқатына немесе денсаулығына ешқандай түрде қатер төндірілмеуіне қамқорлық жасауға</p>

<p>in conformity with acceptable technical standards.</p> <p>Members of the PONEN shall actively discourage discriminatory practices and embrace the principles of equal opportunity.</p> <p>Members of the PONEN when contributing to public discussion or knowledge in their field, shall, at all times only comment within their particular area of expertise, be truthful and always uphold the integrity of their profession and the PONEN, and not purport to speak on behalf of the PONEN unless with prior approval from the PONEN.</p> <p>In acting as an expert witness in legal proceedings, members shall give an objective professional opinion and not be perceived to be an advocate for any party to a dispute. As an expert witness, members should ensure that they are thoroughly prepared and possess the requisite knowledge and experience to give evidence in relation to the subject of the proceedings.</p>	<p>тиіс және әрдайым қолайлы техникалық стандарттарға сәйкес жұмыс істеуге тиіс.</p> <p>ПОНЭН мүшелері кемсітушілік практикаларға белсенді түрде кедергі жасауға және тең мүмкіндік қағидаттарын ұстануға тиіс.</p> <p>ПОНЭН мүшелері өз саласындағы жария талқылауға немесе білімге үлес қосу кезінде әрдайым тек қана өзінің нақты мамандығы бойынша түсінік беруге, шынайы болуға және әрдайым өз кәсібі мен ПОНЭН-нің тұтастығын қолдауға және, егер бұл ПОНЭН-мен алдын ала келісіп алынбаса, ПОНЭН-нің атынан мәлімдемелер жасамауға тиіс.</p> <p>Мүшелер сот ісіне тартылған сарапшы ретінде әрекет жасай отырып, объективті кәсіптік пікір беруге тиіс және дауды шешу үшін тараптардың бірінің қорғаушысы ретінде қабылданбауға тиіс. Мүшелер тартылған сарапшы ретінде мұқият дайындалуға және сот талқылауының нысанасына байланысты куәлік беру үшін қажетті білім мен тәжірибеге ие болуға тиіс.</p>
<b>INDEPENDENCE</b>	<b>ТӘУЕЛСІЗДІК</b>
<p>A member of the PONEN shall refuse to provide professional independent audit services, if there are justified doubts about his independence from the ordering customer and its officials in all respects. In the decision or other document, compiled as a result of the rendered professional services, a member shall consciously and unequivocally declare his independence in relation to the customer. A member should avoid relationships with persons, which could affect the objectivity of his judgments and conclusions, or immediately stop the relationships, pointing to the inadmissibility of any form of pressure. The main circumstances that may impair the independence or allowing be doubtful of actual independence of a member are as follows:</p>	<p>ПОНЭН мүшесі, егер тапсырыс беруші ұйымға және оның лауазымды адамдарына барлық қатынастарда тәуелсіз екендігін негізді күмәні бар болса, есептің тәуелсіз аудиті бойынша кәсіптік қызметтер көрсетуден бас тартуға тиіс. Мүше көрсетілген кәсіптік қызметтер нәтижесінде жасалған қорытындыда немесе басқа да құжатта өзінің тапсырыс берушіге қатысты тәуелсіз екендігіне саналы және сөзсіз түрде мәлімдеуге міндетті. Мүше өзінің пайымдары мен тұжырымдарының объективтілігіне ықпал ете алатын адамдармен өзара қарым-қатынастан қашуы не кез келген нысанда қысым жасалуына жол берілмейтінін көрсете отырып, осы қатынастарды дереу тоқтатуы керек. Мүшенің тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін не оның нақты тәуелсіздігіне күдік келтіруге мүмкіндік беретін негізгі мән-жайлар мыналар:</p>
<p>a. Upcoming (possible) or ongoing litigation (arbitration) cases with the ordering customer.</p> <p>b. Financial participation of a PONEN member in the ordering customer activity in any</p>	<p>a. Тапсырыс берушінің ұйымымен алдағы (ықтимал) немесе жүргізіліп жатқан сот істері (төрелік істер).</p> <p>б. ПОНЭН мүшесінің тапсырыс беруші ұйым істеріне кез келген нысанда қаржылық жағынан</p>

form.	қатысуы.
c. Financial and property dependence of a PONEN member from the ordering customer (joint participation in investments in other companies, crediting, except for bank crediting, etc.).	в. ПОНЭН мүшесінің тапсырыс берушіге қаржылық және мүліктік жағынан тәуелділігі (басқа ұйымдарға салынатын инвестицияларға бірлесіп қатысу, банктіктен басқа кредиттеу және басқалары).
d. Indirect financial interest (financial dependence from) in the ordering customer entity through relatives, employees of the company, through the principal entity and subsidiaries, etc.	г. Тапсырыс беруші ұйымға туыстары, фирманың қызметшілері арқылы, негізгі және еншілес ұйымдар арқылы жанама түрде қаржылық қатысу (қаржылық тәуелділік) және т.с.с.
e. Ancestral and personal friendly relationships with customer management.	д. Тапсырыс берушінің басшылығымен туыстық және жеке достық қатынастар.
f. Excessive hospitality of the customer, as well as receiving goods from him at prices markedly below the actual market prices.	е. Тапсырыс берушінің шектен тыс қонақжайлылығы, сондай-ақ одан нақты нарықтық бағаларға қарағанда айтарлықтай түрде арзандатылған бағалармен тауарлар алу.
g. Participation of a member of the PONEN in any management bodies of the ordering customer entity, both of its principal organization and subsidiaries.	ж. ПОНЭН мүшесінің тапсырыс беруші ұйымның кез келген басқару органдарына, оның негізгі және еншілес ұйымдарына қатысуы.
h. Careless recommendations and advices of members of the PONEN on investments in entities in which they have any financial interests.	з. ПОНЭН мүшесінің өздерінің қандай да бір қаржылық мүддесі бар ұйымға қаржы салымдары туралы абайсыз түрде жасаған ұсынымдары мен кеңестері.
i. Former recent employment of a member of the PONEN in the ordering customer entity or its management company in any position.	и. ПОНЭН мүшесінің тапсырыс беруші ұйымда не оның басқарушы ұйымында кез келген лауазымда атқарған таяу уақыттағы бұрынғы жұмысы.
j. Receiving, by a member of the PONEN, a proposal to take an executive or any other position in the ordering customer entity. In these circumstances, the independence is considered to be broken if they have arisen, continued to exist or have been discontinued in the period, for which the professional expert services were to be rendered.	к. ПОНЭН мүшесін тапсырыс беруші ұйымға басшы немесе өзге лауазымға тағайындау туралы келіп түскен ұсыныс. Егер бұл мән-жайлар кәсіптік сарапшылық қызметтер көрсетілуге тиіс кезеңде туындаған, болуын жалғастырған немесе тоқтатылған болса, олар бойынша тәуелсіздік бұзылған болып есептеледі.
Where a member of the PONEN performs on behalf of the customer other services (consulting, accounting, preparation of exploration programs, etc.), he shall ensure that these activities do not violate the expert's independence. An expert's independence is ensured when the consultations do not develop into permanent services, and there are no reasons or situations affecting objectivity of a	ПОНЭН мүшесі тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша басқа да қызметтерді орындаған (консультация берген, есептілік жасаған, барлау бағдарламаларын жасаған және т.б.) жағдайларда, ол бұл жұмыстар сарапшының тәуелсіздігін бұзбауын қадағалауға тиіс. Сарапшының тәуелсіздігі консультациялар ұдайы көрсетілетін қызметке ұласып кетпеген және ПОНЭН мүшесі пайымының

member of the PONEN judgments.	объективтілігіне ықпал ететін ешқандай себептер мен жағдайлар болмаған кезде қамтамасыз етіледі.
A member of the PONEN shall submit recommendations and advices and must warn the customer that the responsibility for decision making rests with the customer.	ПОНЭН мүшесі ұсынымдар мен кеңестер беруге, сондай-ақ тапсырыс берушіге шешім қабылдау үшін жауаптылықтың тапсырыс берушінің мойнында екенін ескертуге тиіс.
<b>FEE FOR PROFESSIONAL SERVICES</b>	<b>КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТТЕР ҮШІН ТӨЛЕМАҚЫ</b>
The fee for professional services of a member of the PONEN conforms to the standards of professional ethics if it is paid according to the amount and quality of the rendered services. It may depend on complexity of the services, skills, experience, professional prestige and an expert's extent of responsibility.	ПОНЭН мүшесінің кәсіптік қызметтері үшін төлемақы, егер ол ұсынылатын қызметтердің көлемі мен сапасына қарай төленетін болса, кәсіптік әдеп стандарттарына жауап береді. Ол көрсетілетін қызметтердің күрделілігіне, сарапшының біліктілігіне, тәжірибесіне, кәсіптік беделі мен жауапкершілік дәрежесіне байланысты болуы мүмкін.
The payment for professional services of a member of the PONEN should not depend on achievement of a specific result or other factors.	ПОНЭН мүшесінің кәсіптік қызметтеріне ақы төлеу қандай да бір түпкі бағалау нәтижесіне қол жеткізуге байланысты болмауға немесе өзге де мән-жайлармен шартталмауға тиіс.
A member of the PONEN has no right to take a fee for professional services in excess of the amount fixed or otherwise determined in accordance with the contract.	ПОНЭН мүшесінің, егер шартқа тиісті өзгерістер енгізілмеген болса, кәсіптік қызметтері үшін шартта көрсетілген сомадан артық ақы алуға құқығы жоқ.
A member of the PONEN must refrain from paying and receiving incentives for getting or transfer of customers, or transfer of services of a third party to anyone else.	ПОНЭН мүшесі үшінші тараптың көрсетілетін қызметтерін тапсырыс берушілердің алғаны немесе бергені не олардың кімге болсын берілгені үшін төлемнен және көтермелеу алудан бой тартуға міндетті.
A member of the PONEN must specify in advance with the customer and fix in writing the terms and procedure of payment for the professional services.	ПОНЭН мүшесі өзінің кәсіптік қызметтері үшін төлемақы шарттары мен тәртібін тапсырыс берушімен күнібұрын келісіп алуға және жазбаша түрде бекітуге міндетті.
<b>INTERACTION WITH CLIENTS AND EMPLOYERS</b>	<b>КЛИЕНТТЕРМЕН ЖӘНЕ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ</b>
In all professional activities, whether undertaken as an employee or under instructions from a client, members should attach importance to loyalty and conduct the relationship in a spirit of good faith and open and transparent communication.	Мүшелер барлық кәсіптік жұмыстарды орындаған кезде не жұмыскер ретінде немесе клиенттің нұсқауларына сәйкес бейтараптықтың маңыздылығын сезінуге және адалдық пен ашық және бүкпесіз байланыс рухында өзара іс-қимылды жүзеге асыруға тиіс.
Members of the PONEN should always avoid assignments that may be perceived as a conflict between the interests of their client or employer and the interests of the community, or their own private interests. If such a situation	ПОНЭН мүшелері өз клиенті немесе жұмыс берушісі мүдделерінің және қоғамдастық мүдделерінің немесе өздерінің жекеше мүдделерінің қақтығысын білдіруі мүмкін тапсырмалардан әрдайым қашуға тиіс. Мұндай

<p>arises, members should inform their client or employer at the earliest opportunity and attempt resolution in a manner acceptable to all parties.</p>	<p>жағдай туындаған кезде мүшелер бірінші мүмкіндік туған сәтте өз клиентін немесе жұмыс берушісін хабардар етуге және мәселені барлық тараптарға қолайлы тәсілмен шешуге ұмтылуға тиіс.</p>
<p>Members of the PONEN should always advise their client or employer when, in their reasonable opinion, a project appears unviable, could endanger the community or is in conflict with this Code of Ethics. If a client or employer wishes to proceed with the project contrary to the member's advice, the member should clearly explain what the consequences could be and, if necessary, withdraw from the project.</p>	<p>ПОНЭН мүшелері өздерінің орынды пікірі бойынша, жоба рентабельсіз болып табылған, қоғамдастықты қауіпке ұшыратуы немесе осы Әдеп кодексіне қайшы келуі мүмкін болған кезде әрдайым өз клиентіне немесе жұмыс берушісіне хабарлауға тиіс. Егер клиент немесе жұмыс беруші мүшенің кеңесіне қарамастан жобаны іске асыруды жалғастыра беруді қаласа, мүше ықтимал салдарларды түсіндіруге және қажет болған кезде жобаға қатысудан бас тартуға тиіс.</p>
<p>Confidentiality considerations are important aspects of the employer-employee or client-consultant relationship. Members of the PONEN should respect both confidentiality legislation and general ethical principles and not disclose any confidential information or trade secrets acquired in the course of providing their services, without the express prior permission of the client or employer.</p>	<p>Құпиялылық пайымдары жұмыс беруші мен жұмыскердің немесе клиент пен консультанттың арасындағы өзара қарым-қатынастың маңызды аспектілері болып табылады. ПОНЭН мүшелері құпиялылықты қамтамасыз ететін заңдарды да, жалпы әдептілік қағидаттарын да құрметтеуге тиіс және өз қызметтерін ұсыну барысында алынған қандай да бір құпия ақпаратты немесе коммерциялық құпияларды клиенттің немесе жұмыс берушінің нақты білдірілген алдын ала рұқсатынсыз ашпауға тиіс.</p>
<p>Members of the PONEN should never engage in fraudulent or dishonest practices nor knowingly continue in partnership or act in professional matters with any person who has been removed from membership, because of unprofessional conduct.</p>	<p>ПОНЭН мүшелері ешқашан да алаяқтық немесе жосықсыз практикаларға қатыспауға, кәсіптік емес мінез-құлқы үшін мүшеліктен айырылған қандай да бір тұлғамен кәсіптік мәселелерде саналы түрде әріптестікті жалғастырмауға немесе әрекет етпеуге тиіс.</p>
<p>Members of the PONEN should also represent themselves and their abilities honestly to clients and employers. If an assignment requires qualifications or experience not possessed by the member, they should recommend that their client or employer obtain further advice. Members should not act as a consultant, or describe themselves or allow themselves to be described as a Professional Member unless they are in fact a Professional Member and occupy a position of professional independence and are capable of acting as an unbiased and independent advisor.</p>	<p>ПОНЭН мүшелері сондай-ақ клиенттер мен жұмыс берушілерге өзін және өз қабілеттерін адал танытуға тиіс. Егер тапсырма мүшеде жоқ біліктілікті немесе тәжірибені талап ететін болса, ол өз клиентіне немесе жұмыс берушісіне қосымша кеңес алуды ұсынуға тиіс. Мүшелер, егер олар шын мәнінде кәсіптік мүшелер болып табылмаса және кәсіптік тәуелсіздік ұстанымын ұстап тұрмаса және бейтарап және тәуелсіз консультант ретінде әрекет етуге қабілетсіз болса, консультант ретінде әрекет етпеуге немесе өзін кәсіптік мүше ретінде атамауға немесе солай атауға тиіс.</p>

	мүмкіндік бермеуге тиіс.
Although members are encouraged to act with the utmost loyalty to employers or clients, this should never be at the expense of the member's own ethical judgment. If a member believes that a breach of this Code of Ethics is likely to occur during the course of their employment or engagement, the member should discuss the matter with their client or employer and if the ethical issue cannot be resolved, should seek further advice before continuing with the assignment	Мүшелердің жұмыс берушілерге немесе клиенттерге барынша бейтараптықпен әрекет етуі құпталса да, бұл ешқашан мүшенің өз әдептік пайымы есебінен болмауға тиіс. Егер мүше өз жұмысын немесе тапсырманы орындау барысында осы Әдеп кодексінің бұзылуы ықтимал деп есептесе, мүше бұл мәселені өз клиентімен немесе жұмыс берушісімен талқылауға және, егер әдеп мәселесін шешу мүмкін болмаса, тапсырманы орындауды жалғастырмас бұрын қосымша кеңес алуға жүгінуге тиіс.
<b>INTERACTION WITH COLLEAGUES</b>	<b>ӘРІПТЕСТЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ</b>
Members of the PONEN should always seek to be employed on the basis of bona fides and should not compete unfairly with colleagues.	ПОНЭН мүшелері әрдайым адалдық негізінде жұмысқа жалдануға ұмтылуға тиіс және олар әріптестерімен жосықсыз бәсекелесуге тиіс емес.
Members of the PONEN should respect the abilities of their colleagues and not attempt to supplant another member whose services have been engaged by a client or employer.	ПОНЭН мүшелері өз әріптестерінің қабілеттерін құрметтеуге тиіс және клиент немесе жұмыс беруші қызметтерін пайдаланып жатқан басқа мүшенің орнын алуға ұмтылмауға тиіс.
Members of the PONEN should not intentionally or recklessly say or do anything that could injure the reputation of another member.	ПОНЭН мүшелері басқа мүшенің беделіне нұқсан келтіруі мүмкін бірдеңені әдейі немесе абайсыз түрде айтуға немесе істеуге тиіс емес.
Members of the PONEN should always advertise and describe their own experience and abilities truthfully and accurately and without exaggeration.	ПОНЭН мүшелері әрдайым өзінің тәжірибесі мен қабілеттерін шынайы және дәлме-дәл түрде және асыра сілтеусіз жарнамалауға және сипаттауға тиіс.
The contribution of fellow workers, subordinates, sub-contractors and others should be acknowledged.	Жұмыс бойынша әріптестердің, қарамағындағылардың, қосалқы мердігерлер мен басқалардың қосқан үлестері мойындалуға тиіс.
A member of the PONEN has a right to the benefit and with consent of his customer to attract other Recognised Professional Organisations (RPO) members and experts to render the professional services. Relations with the additionally attracted experts must be practical and correct.	ПОНЭН мүшесі өз тапсырыс берушісінің мүддесіне орай және оның келісімімен кәсіптік қызметтер көрсету үшін Танылған Кәсіптік Ұйымдардың (Recognised Professional Organisations-тің (RPO)) басқа мүшелері мен өзге де мамандарды шақыруға құқылы. Қосымша түрде тартылатын басқа мамандармен қарым-қатынас іскерлік сипатта және дұрыс болуға тиіс.
The additionally engaged experts should be made aware of the PONEN Code of Ethics.	Қызметтер көрсетуге қосымша тартылатын мамандар ПОНЭН-нің осы Әдеп Кодексімен таныстырылуға тиіс.